bcc invest

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы
16–20 қараша



2026 жылғы 16–20 қараша

bcc invest

Аптаның басты тақырыптары:

01

- ❑ Қысқаша түйін
- ❑ Нарықтың негізгі көрсеткіштері

02

- ❑ **Аптаның басты оқиғалары:**
  - Акция: ЖИ секторындағы түзету жаппай сатылымға ұласты
  - Облигация және ФРЖ
  - АҚШ-тың макроэкономикасы
  - Шикізат, алтын және криптовалюта
  - Аймақтардағы жағдай
- ❑ Қорлардың келімі мен кетімі

03

- ❑ Апта тақырыбы: ЖИ секторындағы түзету макроэкономикалық тәуекелге айналғанда
- ❑ Алдағы апта
- ❑ Қорытынды

Қысқаша түйін

Америка нарығында соңғы бірнеше айдағы ең ауқымды жаппай сатылым орын алды. S&P 500 индексі 8,6 %, NASDAQ 10,0 %, Dow Jones 8,0 % төмендеді. NASDAQ аптаны қазан айындағы ең жоғары деңгейінен 18,1 % төмен аяқтады, ал S&P 500 индексі түзету кезеңіне өтті. Қысым технологиялық сектордан басталғанымен, аптаның соңына қарай айтарлықтай кең ауқымды сипат алды: S&P 500 индексінің барлық 11 секторы төмендеді, ал VIX құбылмалылық индексі 35,9-ға дейін өсті.

Нарықтағы шиеленістің негізгі себебі жасанды интеллект саласындағы инвестициялық циклді қайта бағалау болып қала берді. Тіпті Nvidia компаниясының жоғары қаржылық көрсеткіштері де жаппай сатылымды тоқтата алмады: нарық қаржыландыру құнына, болашақтағы инвестиция ауқымына және реттеуге байланысты тәуекелге көбірек назар аударды. Сонымен қатар ФРЖ отырысының хаттамасында қатаң ұстаным сақталғанымен, қорғаныш активтерге сұраныстың артуы аясында қазынашылық облигациялардың кірістілігі айтарлықтай төмендеді.

Бұл ретте макроэкономикалық жағдай экономиканың күрт нашарлағанын көрсетпейді. Қазан айында бөлшек сауда көлемі айлық мәнде 0,2 %, ал сатылымның базалық тобы 0,6 % өсті, тұтынушылық көңіл күй индексі 51,5-ке дейін жақсарды. Бұл елеулі алшақтықты көрсетеді: қаржы нарықтары инвестициялық белсенділіктің айтарлықтай баяулауын бағаларға енгізе бастағанымен, тұтынушылық белсенділік пен компаниялардың қаржылық нәтижелері бойынша ағымдағы деректер салыстырмалы түрде тұрақты болып отыр.

Аптаның басты сигналы: жаппай сатылым енді тек қымбат бағаланған технологиялық акциялармен шектелмейді. S&P 500 индексінің барлық секторының бір мезгілде төмендеуі, VIX индексінің өсуі және қазынашылық облигациялар бағасының қарқынды көтерілуі инвестицияның кең ауқымда баяулау және қаржылық жағдайлардың қатаңдау тәуекелін нарықтың ескере бастағанын көрсетеді.

Нарықтың негізгі көрсеткіштері

Индекс	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
S&P 500	6 910	-8,6%	+2,0%
Dow Jones	48 147	-8,0%	+1,6%
NASDAQ	22 618	-10,0%	-2,2%
MSCI EAFE	2 909	-6,3%	+3,3%
VIX	35,9	+86,0%	+139,3%
UST 10Y	4,92%	-23 б.т.	+76 б.т.
WTI	$86,8	-4,4%	+86,8%
Gold	$3 570	-9,5%	-19,3%
KASE	7 779,5	-0,6%	+10,6%

Аптаның басты оқиғалары

Акция: ЖИ секторындағы түзету жаппай сатылымға ұласты

Технологиялық сектордың көшбасшылық позициясының әлсіреуі жеделдеді. Апта ішінде ақпараттық технологиялар секторы 12,1 %, коммуникациялық қызметтер секторы 9,4 % жоғалтты, ал қорғаныш сипатындағы тұтыну тауарларын өндіретін компаниялардың акциялары небәрі 2,0 %, коммуналдық қызметтер секторы 3,1 % төмендеді. Бұл енді тек ең қымбат бағаланған бірнеше бағалы қағаз бойынша пайданы тіркеу емес: нарық циклдік және өсу әлеуеті жоғары активтердің кең ауқымы бойынша тәуекелді бір мезгілде азайта бастады.

Жекелеген компания арасында Nvidia айрықша назар аудартты. Компания тоқсандық қаржылық нәтижелерінің жоғары екенін жариялағанымен, оның акциялары бір апта ішінде шамамен 23 % төмендеді, оның ішінде жұма күнгі құлдырау 14 % құрады. Бұл қазіргі түзетудің жақын арадағы қаржылық есептіліктің сапасына емес, инвесторлар талап ететін кірістілік деңгейінің жоғарылауына және ЖИ саласына салынған ауқымды инвестицияның ақша ағынына қаншалықты жылдам айналатынына қатысты күмәнге көбірек байланысты екенін көрсетеді. Anthropic компаниясының нарыққа шығуы да инвесторлардың көңіл күйін өзгерте алмады: IPO-ға жоғары сұраныс аптаның соңына қарай баға белгілеудің төмендеуімен алмасты.

Сонымен қатар жаппай сатылым компаниялардың іргелі қаржылық нәтижелері мен нарықтық бағалануы арасындағы алшақтықты айқынырақ көрсетті. Жалпы алғанда, корпоративтік пайда жоғары деңгейде қалып отыр, ал мультипликаторлардың төмендеуі өсу әлеуеті үшін бұрын қалыптасқан үстеме бағалауды ішінара азайтты. Бұл алдағы уақытта құбылмалылықтың жалғасуын жоққа шығармайды, алайда нарықтағы жағдайды біржақты сипаттан арылтады: құлдыраудан кейін инвесторлар тұрақты ақша ағыны бар компаниялар мен өсуі көбіне сыртқы қаржыландыруға тәуелді компанияларды ажырата бастады.

Облигация және ФРЖ

Қазынашылық облигациялар аптадағы негізгі қорғаныш активке айналды. UST 10Y кірістілігі шамамен 4,92 %-ға дейін 23 б.т., екі жылдық қағаздардың кірістілігі 4,63 %ға дейін 25 б.т., ал 30 жылдық облигациялардың кірістілігі 5,31 %-ға дейін 16 б.т. төмендеді. Кірістіліктің төмендеуі ФРЖ отырысының қатаң ұстанымды көрсететін хаттамасына қарамастан орын алды, онда қатысушылардың көпшілігі мөлшерлеменің одан әрі көтерілуі мүмкін екенін болжаған. Бұл облигациялар нарығы ақша-кредит саясатының жақын мерзімдегі бағытына қарағанда, инвесторлардың тәуекелге қатысты көңіл күйінің нашарлауына және инвестициялық белсенділіктің ықтимал баяулауына көбірек әсер еткенін білдіреді.

Кірістілік	20.11.26	13.11.26	Өзгерісі
UST 2Y	4,63%	4,88%	-25 б.т.
UST 10Y	4,92%	5,15%	-23 б.т.
UST 30Y	5,31%	5,47%	-16 б.т.

Аптаның басты оқиғалары

АҚШ-тың макроэкономикасы

Тұтынушы әзірге тұрақтылығын сақтап отыр. Бөлшек сауда көлемі 0,2 % өсті, ал ЖІӨ-ні есептеу кезінде пайдаланылатын бақылау тобы 0,6 % қосты. Michigan тұтынушылардың көңіл күйі индексі 51,5-ке дейін көтерілді, ал алдағы бір жылға күтілетін инфляция бір ай бұрынғы 4,7 %-дан 3,7 %-ға дейін төмендеді.

Мәлшерлемелердің жоғары болуына байланысты тұрғын үй нарығы әлсіз күйінде қалып отыр: құрылыс салушылардың сенім индексі соңғы 14 жылдағы ең төменгі деңгей 25-ке дейін төмендеді, ал тұрғын үйді сату бойынша аяқталмаған мәмілелер көлемі айлық мәнде 4,7 % қысқарды. Бұл ретте жаңа тұрғын үйлердің құрылысы 9,9 % өсті, сондықтан бұл сектордағы көрсеткіштер әзірге биржақты қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

Шикізат, алтын және криптовалюта

WTI мұнайының бағасы бір аптада барреліне $86,8 дейін тағы 4,4 % арзандап, қазан айындағы ең жоғары деңгейінен төмендеуін жалғастырды. Тәуекелден жалпы бас тартуға қарамастан, алтын бағасы 9,5 % төмендеп, унциясына шамамен $3 570 құрады: бұл жолы қорғаныш сұраныстың басым бөлігі қазынашылық облигацияларға ауысты, ал бағалы металдар нарығында пайданы тіркеу және позицияларды қысқарту күшейді. Bitcoin бағасы шамамен $58,5 мың болып, тәуекелі жоғары активтермен бірге құлдырауын жалғастырды.

Аймақтардағы жағдай

Тәуекелді басқару жаһандық сипат алды. Еуропа нарығы шамамен 6 %, Жапония нарығы 7 % жуық төмендеді, ал Азияның технологиялық нарықтары қайтадан қатты қысымға ұшырады: Тайвань нарығы 17,5 %, Оңтүстік Корея нарығы 9,0 % төмендеді. Қытай акциялары да ішкі статистикалық көрсеткіштердің әлсіреуі және озық жартылай өткізгіштерді жеткізуге қойылатын шектеудің қатаңдауы аясында төмендеді. Осы жағдайда KASE индексі айтарлықтай тұрақты болды: бір апта ішінде 7 779,5 тармаққа дейін шамамен 0,6 % төмендеді.

Аптаның басты оқиғалары

Қорлардың келімі мен кетімі

Нарықтың күрт құлдырауына қарамастан, бір апта ішінде АҚШ акцияларының қорлары шамамен $39,8 млрд, ал технологиялық қорлар тағы $11,9 млрд тартты. Бұл баға төмендеген кезде активтерді белсенді сатып алуға ұқсайды, ал қаражаттың ең көп кетімі еуродағы ақша нарығы қорларына тиесілі болды. Ұзағырақ уақыт аралығын қарастырғанда жағдай әртүрлі: соңғы бір айда инвесторлар АҚШ-тың small/mid caps компанияларының акцияларын сатуды жалғастырып жатыр, жыл басынан бері жалпы АҚШ акцияларынан қаражатты шығарып алу үрдісі жалғасуда.

Кезең	Қаражаттың негізгі келім көздері	млрд $	Қаражаттың негізгі кетім көздері	млрд $
Бір аптада	АҚШ акциялары	+39,8	EUR ақша қорлары	-22,2
	Технологиялық акциялар	+11,9	Жапония акциялары	-5,0
	KRW ақша қорлары	+10,5	USD мемлекеттік облигациялар	-2,8
Бір айда	EUR ақша қорлары	+52,1	АҚШ-тың шағын/орта капит. акциялары	-20,8
	Жаһандық акциялар	+23,0	АҚШ акциялары	-10,9
	USD ақша қорлары	+22,6	BRL облигациялары	-7,0
Жыл басынан бері	Жаһандық акциялар	+229,1	АҚШ акциялары	-251,6
	USD ақша қорлары	+213,0	Қытай акциялары	-196,0
	Мерзімді USD облигациялары	+162,7	АҚШ-тың шағын/орта капит. акциялары	-120,2

Апта тақырыбы: ЖИ секторындағы түзету макроэкономикалық тәуекелге айналғанда

Осы аптаға дейін технологиялық сектордағы әлсіреуді тым қымбат бағаланған компаниялардың құнын қайта бағалау ретінде қарастыруға болатын еді. Енді бұл үрдіс кең ауқымды сипат алды. S&P 500 индексі 8,6 % төмендеді, оның барлық секторы аптаны теріс көрсеткішпен аяқтады, кірістілігі жоғары облигациялардың бағасы төмендеді, ал қазынашылық облигациялардың бағасы өсті. Бұл инвесторлардың мультипликаторлардың төмендеу тәуекелін ғана емес, инвестициялық циклдің баяулауы экономикаға тигізуі мүмкін салдарды да ескере бастағанын білдіреді.

ЖИ инфрақұрылымы күрделі шығынның, борыштық қаржыландырудың және корпоративтік пайданың өсуінің маңызды көздерінің біріне айналды. Егер компаниялар жобаларының бір бөлігін кейінге қалдыра бастаса, оның әсері жабдық, құрылыс, энергетика және кредит нарығы арқылы чип өндірушілер мен деректер орталықтарының шегінен тыс таралуы мүмкін. Сонымен қатар инвестицияның күрт тоқтау сценарийі әзірге негізгі сценарий болып саналмайды: тұтыну, еңбек нарығы және компаниялардың пайдасы әлі де тұрақты. Нарық үшін ендігі басты мәселе ЖИ саласындағы инвестициялық циклдің жалғасу-жалғаспауы емес, оның өсу қарқыны экономика мен кредит нарығына айтарлықтай зиян келтірмей, қаншалықты тез қалыпты деңгейге орала алатынында.

Алдағы апта

Негізгі деректер сәрсенбі күні жарияланады: нарыққа АҚШ-тың үшінші тоқсандағы ЖІӨ-сінің екінші бағалауы мен қыркүйек айындағы PCE индексі, сондай-ақ ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарларға тапсырыс, жаңа тұрғын үйлерді сату және жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген өтінімдер туралы деректер ұсынылады. Нарықтағы көрсеткіштер төмендеген аптадан кейін инфляция біртіндеп бәсеңдеген кезде экономикалық өсімнің тұрақтылығын растайтын кез келген дерек инвесторлардың тәуекелге баруға деген ынтасын тұрақтандыруы мүмкін.

Алғыс айту күніне байланысты сауда аптасы қысқарады: **бейсенбі күні американдық нарықтар жабық болып, жұма күні сауда-саттық әдеттегіден ертерек аяқталады.** Өтімділік төмендеген жағдайда технологиялық акциялар бағасының және кредиттік спрэдтердің өзгерісі әдеттегіден күрт болуы мүмкін.

Қорытынды

Осы аптада технологиялық сектордағы жекелеген акцияның бағасын түзету үрдісі тәуекелі жоғары активтерден жаппай бас тартуға ұласты. Жекелеген жетекші компанияның жоғары қаржылық нәтижелері енді ЖИ саласын қаржыландыруға, реттеуге және салынған капиталдан болашақта алынатын қайтарымға қатысты мәселелердің орнын толтыра алмай отыр. Бұл ретте экономиканың іргелі көрсеткіштері әзірге нарықтардың динамикасынан айтарлықтай жақсы, ал американдық және технологиялық қорларға қаражаттың едәуір көлемде келуі инвесторлардың жекелеген активті сатып алу үшін бағаның төмендеуін пайдалана бастағанын көрсетеді. Сондықтан қазіргі кезең тәуекелі жоғары активтерден бас тартудан гөрі инвестицияны әртараптандыруды және компанияларды қатаң іріктеуді талап етеді.

Байланыс деректері

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр

«BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы

https://www.bcc-invest.kz

https://www.instagram.com/bcc.invest

https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты BCC Invest қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

BCC Invest олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базалық активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, ол үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдер түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және онымен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.